

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.10 - 27.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Баланы ауа райына байланысты киіндіру керектігін ата-аналарға ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	Еңбек: алаңды тазалау ұжымдық жұмысы. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді, ұжымдық еңбектің құндылығын	Еңбек: жолды, ауланы сыпыру. Мақсат-міндеттері. Тапсырмаларды орындауға ұмтылысты тәрбиелеу, оң нәтижеге қол	25 қазан - Республика күні	Еңбек: ағаштарды суару. Мақсат-міндеттері. Ағаштардың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту, ағаштың айналасындағы	Еңбек: құрғақ шөпті, бұталардың жанындағы қоқыстарды тазалау. Мақсат-міндеттері. Шөп, арамшөптер мен сәндік гүлдерді ажыратуды, еңбекке

басқалар)	көрсетуді үйрету. "Көп еңбегі көңілді" екенін түсіндіру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	жеткізуге бейімдеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)		саңылаудың себебін түсінуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Құстардың ұшуы" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау	"Қараторғай ұялары" қимыл- қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Алаңда дөңгелек шеңберлер сызылады: ойнаушылардың санынан кем болады. Бұл торғайлардың		"Бір, екі, үш! Ағашқа жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Ағаштарды діңінен, жапырақтарынан тану. (дене шынықтыру) Еркін ойын. "Керісінше айт!" Ойын барысы.	"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықтың рөлін ойнайды.

	<p>қабілетін дамыту. (дене шынықтыру)</p> <p>Үстел үсті ойыны. "Лото". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейін, логикалық ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>ұялары. Барлық балалар қараторғай болады. Олар алаңда емін-еркін жүгіріп, ұшып жүреді. «Үйге қайтындар» белгісі бойынша барлығы ұяларға жүгіреді. Балалардың біреуі ұясыз қалады. Ойын бірнеше рет қайталанады. Тәрбиеші ойынның аяқ кезінде (балалар әлі жүгіріп жүрген кезде) тағы бір дөңгелек сызып қояды. Балалар қайтып оралғанда бәрінің де ұясы бар болып шығады. Көркемсөз Тоқылдақтар тоқылдап Ешбір тыным көрмейді</p>		<p>Балалар шеңберге құрады. Тәрбиеші ортада тұрып, допты лақтырады. "Көлшік – кішкентай, ал өзен... (ұзын). Үй-аласа, құбыр (кран) – ұзын, шыбық-жіңішке, ағаш-жуан, үстел-үлкен, ал орындық - кішкентай". Көркемсөз Қызыл, жасыл гүл ектік, Баптап күтіп түрленттік. Қалмасын деп қуарып, Апта сайын суғардық. Гүлдендіріп бөлмені, Бөлмеде гүл қаулады. (қарым-қатынас іс-әрекеті) "Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-</p>	<p>Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын үй болады (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50 см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық отырады жем іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, тауыққа келеді. (дене шынықтыру) Еркін ойын. "Қай бағытқа жүрсен, сонда іздегенінді</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>Еркін ойын. "Аққу-қаздар". Мақсат-міндеттері. Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты. Ойынға қатысушы балалардың біреуі - қасқыр, екіншісі - құс бағушы болады. Қалған балалардың бәрі «Аққу-қаздың» рөлін ойнайды. Балалар үлкен алаңға шығады. Алаңның оң жағында құс бағушы бала мен аққу-қаздар болып ойыншылар тұратын жер сызықпен белгіленеді. Сол жақта қасқыр жасырынады. Ойын басталғанда</p>	<p>Ағашты қанша тессе де, Жұмысы бір өнбейді. (дене шынықтыру)</p> <p>Еркін ойын. "Қателеспе". Мақсат-міндеттері. Жылдамдықты дамыту; ойнау дағдыларын бекіту. Ойынның барысы. Тәрбиеші күннің немесе тәуліктің әртүрлі әрекеттерін атайды. Балалар бір сөзбен жауап беруі керек: «Таңғы ас ішеміз», "Жуынамыз" және тағы басқа. (дене шынықтыру)</p>		<p>қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтауды, үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. "Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан кейін "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналууды сұрайды. Балалар осы кезде:</p>	<p>табасың". Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге тығып тастайды. Тәрбиеші айтады: Егер... Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылсаң – қоян ойыншығын табасың; алға жүрсең – тышқан ойыншығын табасың. Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барасың? Бала өз қалауынша бағытын таңдайды және нені іздейтінін айтады. Ойыншықты тапқан соң, қай бағытқа барғанын</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>құс бағушы аққу-қаздарды далаға шығарып жібереді. Аққу-қаздар сызықтан асып, алаңның ортасында шашылып жүреді. Қасқыр қимылсыз отырады. Біраз уақыттан кейін құс бағушы қаздарды шақырады.</p> <p>- Қаздар, қаздар, қаңқылда!</p> <p>- Қулар, қулар, саңқылда!</p> <p>- Тойдыңдар ма далада?</p> <p>- Иә, иә, иә!</p> <p>- Ендеше үйге қайтыңдар.</p> <p>- Жоқ, жоқ!</p> <p>- Неге?</p> <p>- Қыр астында қасқыр бар.</p> <p>Осы соңғы сөз айтылғанда ғана</p>			<p>"Бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені" қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" өзін түрткен баланы ұстап алу керек және оны тану, есімін атау. Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан шығады. Кім ұсталып қалса, сол "соқыр теке" рөлінде ойынды жалғастырады. (дене шынықтыру)</p>	<p>және қай жерден тапқанын әңгімелейді.</p> <p>Көркемсөз</p> <p>Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды.</p> <p>(танымдық іс-әрекет)</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>қасқыр қаздарды қуалауға ұмтылады. Ал аққу-қаздар үйге (сызықпен белгілеген жерге қашады). Қасқыр оларды ұстауға тырысады. Ұсталғандар ойыннан шығып қалады. (танымдық іс-әрекет)</p>				
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру. 2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру. 3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру. 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).</p> <p>2. "Сағат тіліндей қозғалайық". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей". Төмен қарай еңкею. "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.</p> <p>3. "Билетейік аяқты" жаттығуы.</p>				

	<p>Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, колдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдепті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (ас үшін алғыс айту, тазалық сақтау, ұқыпты болу)</p> <p>Көркемсөз Дәмді ас тұр табақта, Қане, жей ғой, асықпа! Осы жолдардан кейін балалар таңғы асқа кіріседі. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарға дұрыс отыруын бақылайды. Бала үстел басында дұрыс отырмаса, педагог оған дұрыс отыру керектігін ескертеді.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Жыл құстары тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>	<p>Құстар туралы қызықты мәлімет беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>		<p>Құстар туралы тақпақтар жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Құстар туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сауат ашу негіздері "[т] дыбысы және Т т әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері. Тыңдау барысында</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[т] дыбысы және Т т әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері. Тыңдау барысында</p>		<p>Математика негіздері "Қысқа қашаннан бастап дайындалу керек?"</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[у] дыбысы және У у әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [у] дыбысына</p>

	<p>тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Қазақ тілі "Жыл құстары. Ханс Кристиан Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Үй құстары." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жыл құстары және үй құсы туралы білімдерін кеңейту; «жабайы» және «үй құстары» жайлы түсініктерін дамыту. Г. Х. Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің мазмұнымен таныстыру;</p>	<p>тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Математика негіздері "Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда" пысықтау Мақсат-міндеттері. Балалардың "бес" саны мен цифры туралы түсініктерін кеңейту, беске дейін жылдам санау дағысын қалыптастыруды пысықтау.</p> <p>Музыка "Күзгі вальс". Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын</p>		<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға бес күн аралығындағы уақытты бағдарлауды үйрету, "бүрсігүні", "алдыңғы күні" ұғымдарын қалыптастыру; уақыттың үнемі бір жылдамдықпен жүретіні, адамның оны көп не аз істерімен толтыра алатыны туралы түсіндіру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту «Сауысқан мен көкек» ертегісі" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту, жылы жаққа ұшып кететін құстардың түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мәлімет беру,</p>	<p>берілген сөздерді оқуға дағдыландыру. [у] дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болатынын түсіндіру.</p> <p>Сурет салу "Қаздар жылы жаққа ұшып барады". Мақсат-міндеттері. Балаларды тірек сызық бойына толық бейнені салу техникасымен таныстыру; қағаздың толық бетіне жылы жаққа ұшып бара жатқан қаздар үйірімін салуды үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Бір қатарға қойылған таяқтардың арасымен жүгіру". Мақсат-міндеттері. Балаларға 50 см</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>құстардың жылы жаққа кетуі, құстардың дыбыс шығаруының ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; құстардың дыбыстарының ерекшеліктерін көрсететін сөздерді айту, етістіктерді алмастыру дағдыларын, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; мұқият болуға, мейірімділік пен жанашырлыққа, батылдыққа, отанына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру . "Добым, добым, домалақ" Мақсат-міндеттері. Балаларға шашырап жүруді; кедергілерден өтіп</p>	<p>түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту «Сауысқан мен көкек» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейтіп, жылы жаққа ұшып кететін құстардың түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мәлімет беру, "Сауысқан және көкек" ертегісін оқу және талқылау.</p>		<p>"Сауысқан мен көкек" ертегісін оқу және талқылау (пысықтау).</p> <p>Музыка "Күзгі вальс". Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға құстар</p>	<p>биіктікке бір қатарға қойылған таяқтардың арасымен жүгіруді үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет «Орман дәрігері» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды не жағымсыз қасиеттерін түсінуді үйрету.</p> <p>Музыка "Көкектің әні". Мақсат-міндеттері. Балалардың көкек туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; күй тыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>жүгіруді; доғаның астымен еңбектеуді (биіктігі 50 см) үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Жыл құстарының ұшу бағыттары". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұшатын және қыстайтын құстар туралы түсініктерін жетілдіру; құстардың қимылдарын бақылау, көргенін бойындағы біліммен байланыстырып, еркін сипаттауды үйрету.</p> <p>Математика негіздері "Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда". Мақсат-міндеттері. Балалардың "бес"</p>			<p>туралы білім беру, құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Сауат ашу негіздері "[у] дыбысы және У у әрпі". Мақсат-міндеттері: [у] дыбысы және У әрпімен таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету.</p>	
--	---	--	--	---	--

	саны мен цифры туралы түсініктерін кеңейту, беске дейін жылдам санау дағысын қалыптастыру.				
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқкиімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	<p>Құстарды бақылау (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Біздің ауданда кездесетін құстар туралы түсініктерін</p>	<p>Құстарды бақылау (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Зерттеу. "Күз мезгілінде қалалық жердегі құстар не жейді?"</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p>		<p>Құстарды бақылау. "Орман құстары". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы құстардың тіршілік</p>	<p>Саябақтағы құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу</p>

	<p>кеңейту; құстарды сыртқы түрінен тану қабілетін, құстарды бақылауға қызығушылықтырын дамыту.</p> <p>Әңгімелесу: жазда құстар көп болатынына назар аударыңыз, олар әртүрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай</p>	<p>Балалардың құстардың сыртқы түр-түсі, тіршілік етуі, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Зерттеу барысы.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Құстар не жегенді ұнатады? - Қоректі қайдан табады? - Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік? <p>Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: күзде құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, тапсырма түсінікті ме? - Құстарды бақылау 		<p>ету ортасына бейімделуі туралы, құстардың күзгі тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Әңгімелесу.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Айналаға мұқият қараңдар, балалар, қандай құстарды көресіңдер? (балалардың жауаптары) - Ал, құстар қай жерде көбірек өмір сүреді? Қалада ма, орманда ма? - Орман құстарының қандай түрін білесіңдер? - Жаз мезгілінде құстарды мазалайтын мәселе неде? - Барлық құстар жазда маңызды 	<p>дағдыларына машықтану. Аулаларында немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну. Құстар адамдарды көргенде жасырынып қалатыны немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын жерге қоныстанатынына көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршілік етуінің ерекшеліктерін салыстыру және зерттеу. Құстардың қауырсындарын қарастыру.</p> <p>Әңгімелесу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өздеріңе жақын жерде тұратын құстар туралы не
--	---	---	--	---	---

	<p>пайда әкелетінін айту, жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын қадағалау, балалардың назарын қарлығаштар мен шымшықтың қаншалықты жылдам ұшатынына, жәндіктерді қалай аулайтынына назар аудару маңызды. Қарлығаштардың ұясын көрсету, балапандарына қорек әкеліп беретінін бақылау. Көркемсөз Жыл құстары келді деп, Балдырғандар мәз болды. Қос қанатты желпілдеп, Көлге үйрек-қаз қонды. Дидактикалық</p>	<p>ережесін еске түсірейік. Құстарды бақылау ережесі. Құстар өте үркек. Құстардың қасында тыныштық сақтап, шуламай жүру керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе қоректенуіне кедергі жасайсындар. Құстарға тас атуға немесе таяқ лақтыруға болмайды. Құстар тірі, олардың да денесі ауырады. Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әртүрлі қорек жейді; құстар жәндіктерді аулайды. Еңбек: алаңнан малтатастарды жинату. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.</p>		<p>істермен айналысады. Олар балапандарын қоректендіреді. Таңертеңнен кешке дейін ересек құстар мен жәндіктерді аулайды, балапандарын қоректендіреді. Әр жұп құстың бір балапаны емес, бірнеше балапаны бар, оларды қоректендіру керек. Балапандар көп қорек жейді және жылдам өседі. Тіпті бір ай өткен жоқ, бірақ балапандар өсіп кетті. Енді құстар балапандарды ұшуға, өздеріне қорек табуды, жауларынан жасырынуды үйретеді. Егер балапандар мұны білмесе, онда олар</p>	<p>білесіңдер? Олар немен және қалай қоректенеді? Қайда ұшады, қайда ұя салғанды ұнатады? Еңбек: алаңға, жолдарға су шашу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шланг пен сукұйғышты мұқият пайдалануды үйрету. "Бұғы аулаушылар" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті,</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>ойын (А) және жаттығу (Б) А. «Сипаттама бойынша тап» - тәрбиеші құстарды сипаттайды, балалар болжайды. Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық әңгіме, зейін, үйлесімді сөйлем құрастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білу қабілетін дамыту. Б. «Дауысын сал» — тәрбиеші құстарды атайды, балалар құстардың дауысын салады. Мақсат-міндеттері: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту. "Үкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Еңбектенуге ұмтылысты тәрбиелеу. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар"</p>		<p>қыстан шыға алмайды. - Құстардың қандай пайдасы бар? - Орман дәрігерін кім біледі? - Орманға барғанда өзімізді қалай ұстаймыз? - Орманда шуламаңдар! Неліктен? - Құстар қатты айқай-шудан қорқады, олар ұяларын тастап кетуі мүмкін. Сендерге орманның сиқырлы дыбыстарын тындай білу керек. - Құстардың ұяларын бұзбаңдар! Неліктен? - құстардың жұмыртқалары мен балапандарына қол тисе, құстар басқа біреудің иісін сезеді және ұядан бас тартуы мүмкін.</p>	<p>жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" рөліне санамақ арқылы бір-екі бала тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңімпазды анықтайды. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>Шапшаңдыққа, шыдамдылыққа, жылдамдыққа дағдыландыру. Ойын барысы. Барлық ойыншылар құстар, бір бала үкі болады. "Күн" белгісі бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып жүріп, дәндерін шоқиды. "Түн" деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға қарап, оларды ұясына апарды. Содан кейін қайтадан "күн" белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – алаңда ұшып жүреді. Ойын осылай бірнеше рет</p>	<p>рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. Жүргізуші (немесе балалардың біреуі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соқтықпай жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді. "Түн батты! Жапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылғанда ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қимылдап не</p>		<p>- Ормандағы құстарды алып кетуге болмайды! Неліктен? - Орманнан құстарды алып кетуге болмайды, олардың өміріне қауіп төнеді. Орман - құстардың үйі. Олар өз қоректерін өздері қалай табу керектігін ұмытып, тұтқында өліп қалуы мүмкін. - Орманда от жағуға болмайды! Неліктен? - Ағаш өте жылдам жанады. Өрттен шыққан ұшқындар ағаштарға тиеді, бүкіл орман өртенеді, өсімдіктер, жануарлар, құстар және адамдар өледі. Қорытынды. Құстар әртүрлі болады, көптеген құстар зиянды жәндіктерді</p>	<p>Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасыратын кезде оған қарауға болмайды. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, бөлмеден затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... (сөздерін айтып жасырылған затты табуға көмектесед). Еркін ойындар.</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>қайталанады. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Еркін ойындар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>күліп қойса, соны "жапалақ ұясына" алып кетеді. Келесі жолы басқа жапалақты таңдайды, ойын әрі қарай жалғасады. Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталмай, өз ұяларына қайту керек. Дидактикалық ойын. "Құстарды сана". (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Сан есімдерді зат есіммен үйлестіру жаттығулары (бір торғай, екі торғай</p>		<p>жояды. Еңбек: бақшаны суару. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің бұйрықтарын тыңдауды үйрету, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады.</p>	
--	--	---	--	--	--

		<p>және тағы басқа).</p> <p>Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Тура жүру, тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды жан-жаққа созу, дене түзу, бір аяққа тұрып екінші аяқты артқа қарай жоғары көтеру, түзу созып тұру), содан кейін жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяқпен түсу, екі қол екі жақта.</p>		<p>Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауы тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына"</p>	
--	--	--	--	--	--

		Еркін ойындар.		<p>алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілері қайта сайланып, ойын қайта басталады.</p> <p>Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.</p> <p>"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>"Қақпаға" допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді.</p> <p>Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады.</p>	
--	--	----------------	--	--	--

				Ойынға 5-6 бала қатысады. Еркін ойындар.	
Серуеннен оралу	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу; - балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау; - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; <p>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Балаларды өз бетінше киінуге, аяқкиімді киюдi үйрету, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; шкафтан киім алу және оны шешкеннен кейін орнына қою, бәрін ұқыпты бүктеу қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Көркемсөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен. Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де. Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен-көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні,</p>				

	Суға түсіп алғайсың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұру, белді бүкірейту, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Тамақты бастар алдында Қолыңды, бала, жуып жүр! Ас ішуді алғыспен Аяқтау туралы біліп жүр. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дене шынықтыру "Добым, добым, домалақ" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балалардың шашырап жүру; кедергілерден өтіп жүгіру; доғаның астымен еңбектеу дағдыларын (биіктігі 50 см) үйретуді пысықтау. Вариативті	Көркем әдебиет «Орман дәрігері» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге баулу. Ертегіні тыңдауды үйрету. Қазақ тілі "Дауыссыз дыбыстар.		"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Есту зейінін дамыту. Балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды дамыту. Құстарды құрметтеуге тәрбиелеу.	"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланысын түсінуді үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға арналған жаттығу жасау. Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлем құрауды үйрету.

	<p>компонент - Жас зерттеуші "Желдің күші" Мақсат-міндеттер: балалардың жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауға үйрету.</p> <p>Дамытушы ойын. "Құстардың көлеңкесі". Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Жұп құруға қабілетті дауыссыз дыбыстар." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; сөздердің "ұзынды-қысқалығын" қолмен өлшеп айыра білуді үйрету; дауыссыз дыбыстардың түрлерімен танысу, сөзге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Жұп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Фонематикалық естуді дамыту, парақша мен дәптерде жұмыс істеу барысында ұқыптылыққа үйрету. Балаларды</p>		<p>Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс немесе зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді, ұшпайтын зат айтылғанда тырп етпей отырады. Қателескен бала айып өтеу үшін тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса, айып шарты ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, арба ұшты! (қол</p>	<p>Зейін, еске сақтау, байланыстыра сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені...», «Балалар бастарына қалпақ киді, өйткені...», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені...». “Құстардың ұшып келуі” қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға қызығушылықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын,</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (шығармашылық іс-әрекеті)</p> <p>"Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың қасына келеді.</p>	<p>мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын. «Ғажайып нүктелер». Мақсат-міндеттері. «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді қосып, қарлығаштың суретін шығарады. (шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға құстарға тән белгілерді сөзбен сипаттауды және оларды сипаттамасынан тануды үйрету. Балаларға ақылды болуды үйрету.</p>		<p>көтермейді) (дене шынықтыру)</p> <p>Еркін ойын. "Торғайлар мен мысық" Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынның шартын бұзбай ойнауды, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейін, байқағыштық, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойын барысы. Жерді шеңбермен белгілеу керек /диаметрі 5-6 м/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді. Ол мысық болады. Қалған балалар шеңбердің сыртында торғайлар болып жүреді. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар</p>	<p>бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру. Балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның барысы. Балалар (құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне ұшады. "Боран" деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші "Боран тынышталды" деген кезде ағаштардан жерге түседі, ұша бастайды. (танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>Мысық ұйқысынан оянады, құстарды қуады. (дене шынықтыру)</p>	<p>Зейін, есте сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларға сөздік сипаттама беретін жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап табу керек. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>		<p>шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барып, торғайларды ұстауға тырысады (ақырын ғана қолын тигізеді). (танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру)</p>	
--	--	--	--	--	--

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Жаңылтпаштар айтқызу. Атам бақ аралады, Ағам тал аралады. Асан көл жағалады, Асыл ат тағалады.</p> <p>Шырағым шұбат іш, Шұбатты сұрап іш. Шұбатты ішпесең, Бітпейді бұла күш. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Бала тілін дамыту. "Сауысқан" (ел аузынан). Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>		<p>"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Түстерді ажырата білу, атауын жылдам атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларға өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруды, әдемі гүл шоқтарын жасауды үйрету. Барысы. Үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалар тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі, пішініне сәйкес</p>	<p>"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуді үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы. Педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың атауларын атайды, балалар сол жерде өсетіндерін ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қол шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер олай</p>
-------------------------------------	---	---	--	---	--

				келетін гүлді табады. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)	болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,				

<p>әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында нан тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар. "Кім алғыр?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден бүтін құрау қабілетін дамыту. Шығармашылық уақыты. "Қағаздан балапанды бүктеу арқылы құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс салуға құштарлығын дамыту. Мүсіндеу. "Құстарға ұя жасаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды жыл құстары туралы білімдерін кеңейту, қыстап қалатын құстарға ұя не үшін керектігі туралы мәлімет беру.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Ата-аналармен жұмыс. Балаларды үйде және балабақшада сауықтыру, шынықтыру әдістеріне бірыңғай көзқарасты қалыптастыру.</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>		<p>"Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысының түрлері" әңгімелесу.</p>	<p>Әңгіме жүргізу. «Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру».</p>